

Осы жарияланым банктер мен олардың депозиттік өнімдерінің жарнамасы болып табылмайды, осыған байланысты банктердің атаулары жарияланбайды.

Бұл мониторинг депозиттердің түрлері және мөлшерлемелері туралы жалпы ақпарат беруге бағытталған. Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры (ҚДКБҚ, Қор) алдарыңыздағы деректердің қаншалықты дәл, толыққанды, шынайы және өзекті екендігіне кепілдік бере алмайды. Өйткені олар екінші деңгейдегі банктердің сайттарына жасалған мониторинг негізінде алынған. Сонымен банк салымы шартын жасамай тұрып, таңдау жасалған банк туралы ақпараттарды нақтылап, нысықтап алу қажет. Тағы да еске саламыз, банктегі таңдап алынған салымға ақша салмай тұрып, сол депозиттің табыстылығы ғана емес, банктің өзінің қаржылық ахуалы қандай екендігін ескерген дұрыс болады. Мәлімет үшін: ҚДКБҚ сайтында банктердің рейтингі туралы ақпарат та жарияланған (<https://kdif.kz/kz/finansovaya-gramotnost/rating/>). Бұл банктер – Қазақстанның депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы қаржы институттары. Ал рейтингтерді халықаралық рейтингтік агенттіктер берген. Жинақ ақша туралы саналы шешім қабылдау үшін ҚДКБҚ шарттың талаптарын, оның ішінде депозитті толықтыру, одан қаражатты мерзімінен бұрын толық және ішінара алу талаптарын мұқият оқуға кеңес береді.

Жеке тұлғалардың теңгелік депозиттері бойынша 2025 жылғы тамыздағы сыйақы мөлшерлемелері

(депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердің сайттарына мониторинг жүргізу негізінде)

Банктердің сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру барысына жасалған шолу

29.08.2025ж. қарай қалыптасқан деректер

Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры (ҚДКБҚ) әрбір банк өзінің депозиттік өнімдері бойынша пайыздық сыйақыларының мөлшерін өзінің ішкі депозиттік саясатына сәйкес белгілейтіндігін хабарлайды. Сонымен қатар банктердің шешіміне Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесі мен нарықтың басқа да қатысушыларының мөлшерлемелерінің өзгеруі, сондай-ақ халықтың депозиттерін тарту мен жүйелік тәуекел¹ үшін төленетін жарна бойынша шығыстар арасындағы теңгерімді сақтау қажеттілігі де әсер етеді.

2025 жылдың тамызында сыйақы мөлшерлемелері бойынша айтарлықтай өзгерістер орын алған жоқ. Бұған дейінгі айда да солай болған. Депозиттер бойынша сыйақылардың жоғарылауы 2025 жылдың наурыз-сәуірінде байқалған болатын. Бұған (2025 жылдың 7 наурызындағы шешім бойынша) базалық мөлшерлеменің 16,5%-ға өскені себеп болды.

2025 жылдың тамызында Қазақстанда жаңа банк өз қызметін бастады. Енді депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне кіретін банктердің саны 21-ге жетті.

¹ халықтың депозиттерін тартудың агрессивті саясатын шектеу үшін Банктер ҚДКБҚ-ға жүйелік тәуекел үшін жарна төлейді, оның мөлшері банктің орташа мөлшерлемесінің нарықтық мөлшерлемеден асып кету дәрежесіне және тарту көлеміне байланысты болады

2025 жылдың тамызында депозит нарығындағы сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеруі

Өзгерістер	Мерзімсіз салымдар	Толықтыру құқығы бар жинақ депозиттер	Толықтыру құқығы жоқ жинақ депозиттер
▲	-	1 банк	1 банк
▼	1 банк	-	-



Мерзімсіз депозиттер²

Мерзімсіз депозиттер – Қазақстанда ең танымал банк салымдары. Мұндай депозиттерден азайтылмайтын қалдық шегінде кез келген уақытта ақша шешіп алуға және кез келген уақытта оған ақша салуға болады. Олардың пайыздық мөлшерлемесі Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесіне жақын және ақшалай қаражатты күтпеген жағдайлар үшін жинауға арналған.


Мерзімсіз депозиттер бойынша 2025 жылдың тамызында:

- ▼ 1 ірі банк (активтерінің мөлшері бойынша нарықта алатын үлесі 10%-дан жоғары) сыйақы мөлшерлемесін 0,2 пайыздық тармаққа (п.т.) төмендетіп, 15,3% деңгейінде белгіледі;
- ▲ 1 жаңа банк мерзімсіз депозиттерді 15,5%-ық мөлшерlemeмен қабылдай бастады.

Салыстыруға ыңғайлы және дұрыс болуы үшін 1-графикада мерзімі 12 ай болатын мерзімсіз салымдар бойынша пайыздық мөлшерлемелер көрсетілген. Өйткені әрбір қарастырылатын банк депозитті осы мерзімге ұсынады. Бұл ретте көптеген банктер басқа мерзімдерді де ұсынуда: мысалы, кейбір банктер салымды 1 айға дейінгі мерзімге салуға мүмкіндік береді, банктердің бірінде мұны 8%, ал басқа банкте 9,4% бойынша орналастыруға болады. Салымды максималды мүмкін болатын орналастыру мерзімі 60 айды құрайды, пайыздық мөлшерлемесі – 7,2%. Осылайша мерзімсіз депозиттер нарығы талаптарының алуан түрлілігімен ерекшеленеді және қысқа мерзімді көздеген клиенттерге де, ұзақ мерзімді салымдарды қалайтындарға да қолайлы шешімдер ұсынады. Дегенмен, әдетте ең тиімді мөлшерleme 12 айға арналған салымдар бойынша ұсынылуда. Сәйкесінше табыстылық пен икемділік тұрғысынан алғанда қазір осы мерзім оңтайлы болып тұр.

² Мерзімдік талаптарға сәйкес келмейтін депозит - белгіленген мөлшерleme бойынша депозит, талап еткенге дейінгі депозиттерді қоспағанда оны мерзімінен бұрын алу үшін айыппұл жеке тұлғалардың қайтадан тартылған депозиттері бойынша максималды сыйақы мөлшерлемесінің мөлшерін анықтау және бекіту әдістемесінде (Өдістеме) көзделген ең төменгі айыппұлдан төмен болады немесе мүлдем болмайды

1 графика. Банкердің мерзімсіз депозиттер бойынша ұсынатын мөлшерлемелері (2025ж. тамызы)



Мерзімді депозиттер³

Мерзімді салымдар – бұл жинақ және мерзімсіз салымдар арасындағы ымыралы нұсқа деуге болады: мұнда мерзімсіз салымға қарағанда едәуір жоғары мөлшерлеме ұсынылады және жинақ салымдармен салыстырғанда қаражатты басқаруда анағұрлым икемді талаптар ұсынады.


2025 жылғы тамызда банктердің сайттарына жасалған мониторинг нәтижелері бойынша толықтыру құқығы бар мерзімді депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесі өзгеріске ұшыраған жоқ.

Мерзімді депозиттер бойынша мөлшерлемелер салымның мерзіміне қарай өзгеріп отырады. Мысалы, 3 айға ашылған салым үшін максималды мөлшерлеме 18,0%-ды құрайды. Ал осы ретте барлық банктер бойынша мөлшерлемелердің орташа мәні – 15,9%; 6 айлық мерзім бойынша максималды мөлшерлеме – 17,0%, ал барлық банктер бойынша осы мерзімге арналған орташа мөлшерлеме – 16,0%; 12 айлық мерзімге максималды мөлшерлеме – 15,0%, орташа мөлшерлеме – 13,8%. Ұзақ мерзімді салымдар бойынша мөлшерлемелер төмен болғанымен, қысқа мерзімді салымдар алдында маңызды артықшылыққа ие: мөлшерлемесі бүкіл мерзім бойынша тиянақты бекітіледі. Ал бұл ұзақ мерзім барысында тұрақтылық та, табыстылық та сақталады деген сөз.

Банктердің сайттарында үстінен қосымша ақша салуға болмайтын мерзімді депозиттерді ұсыну туралы ақпарат жоқ.

³ Мерзімділік талабына сәйкес келетін депозит – жеке тұлғалардың жаңадан ашылған депозиттері бойынша максималды сыйақы мөлшерлемелерінің мөлшерін анықтау және белгілеу әдістемесінде қарастырылған, шарттың талаптары бойынша Әдістемеде көзделген ең төменгі айыппұлдан кем емес мөлшерде мерзімінен бұрын алу үшін айыппұл салатын, сыйақы мөлшерлемесі тиянақталған депозит

2 графика. Толықтыруға болатын мерзімді депозиттер бойынша банктер ұсынатын мөлшерлемелер (2025ж. тамыз)





Жинақ депозиттер

Жинақ депозиттер – салған ақшаны мерзімі аяқталғанша алуға болмайтын депозит. Бұл депозитке салған ақшасын мерзімі аяқталғанша алмауды жоспарлаған адамдар үшін өте тиімді салым түрі. Алынған жағдайда шот жабылады, сыйақы толығымен дерлік жойылады. Ал ақша 30 күннен кейін ғана беріледі.

Жинақ депозиттерінің толықтыруға болатын және толықтыруға болмайтын түрлері бар.




Толықтыру құқығы бар жинақ депозиттер

2025 жылдың тамызында бір орташа банк (қоса санағанда активтерінің мөлшері бойынша нарықта алатын үлесі 3-тен 10%-ға дейін) толықтыру құқығы бар жинақ депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесін 6 айлық мерзім бойынша 1,4 пайыздық тармаққа (п.т.) көтеріп, 18,4%-ға жеткізді.

Қысқа мерзімге арналған (3-6 ай), толықтыру құқығы бар жинақ депозиттердің табыстылығы анағұрлым жоғары. Айталық, 3 айлық мерзім бойынша максималды мөлшерлеме 18,0%-ды құрайды, ал осы тұрғыда барлық банктер бойынша орташа мән – 16,4%. 6 айлық мерзім бойынша максималды мөлшерлеме 18,4%-ға жетеді, ал орташа мән – 16,5%. Бұл ретте осы сегментте жұмыс істейтін барлық 10 банктің аталмыш мерзім бойынша ұсыныстары бар. Бұл салымшыға өз қаражаттарын орналастыру үшін банктерді кеңінен таңдауға мүмкіндік береді. Ұзақ (24 ай және одан жоғары) мерзімге арналған депозиттер бойынша мөлшерлемелер жыл басынан бері өзгерген жоқ. Айталық, 24 айлық мерзім бойынша орташа мөлшерлеме 7,2%-ды, ал 24 айдан жоғары мерзім бойынша 8,4%-ды құрайды.

3 графика. Толықтыру құқығы бар жинақ депозиттер бойынша мөлшерлемелер (2025ж. тамызы)






Толықтыру құқығы жоқ жинақ депозиттер

2025 жылдың тамызында толықтыру құқығы жоқ жинақ депозиттер бойынша 1 орташа банк (қоса санағанда активтерінің мөлшері бойынша нарықта алатын үлесі 3-тен 10%-ға дейін) 6 айлық мерзім бойынша мөлшерлемені 0,6 п.т.-қа көтеріп, 17,2%-ға жеткізді және 17,5%-дық мөлшерлеменен 3 айлық мерзімді жаңадан қолданысқа енгізді.

Толықтыру құқығы жоқ жинақ депозиттер бойынша қысқа (3-6 айға) мерзімге ең жоғары мөлшерлемелер ұсынылуда. Мысалы, 3 айлық мерзімге максималды мөлшерлеме 19,0%-ды құраса, осы мерзім бойынша банктер арасындағы орташа мөлшерлеме – 17,6%-ға тең. Алты айлық мерзім бойынша максималды мөлшерлеме де 19,0%-ға жетеді, бірақ бұл басқа банктің ұсынысы, ал орташа мөлшерлеме – 17,8%. Атап өту керек, 24 айлық мерзім бойынша толықтыру құқығы бар депозиттермен салыстырғанда толықтыру құқығы жоқ депозиттердің максималды мөлшерлемесі айтарлықтай жоғары: 15,0%-ды құрайды, орташа мөлшерлеме – 12,3%. Осылайша, осындай депозиттердің талаптары қатал болғанымен, жоғары мөлшерлемелер оны ақтайды. Тағы бір айта кетерлігі, толықтыру құқығы жоқ жинақ депозиттер қабылдайтын барлық 12 банк салымшылардың таңдауына 3 айдан бастап, 24 айдан асатын барлық дерлік мерзімдерге салымдар ашуды ұсынуда. Бұл жағдай салымшылар үшін банктер мен салымдарды кеңінен таңдау мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

4 графика. Толықтыру құқығы жоқ жинақ депозиттер бойынша мөлшерлемелер (2025ж. тамызы)





Пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы депозиттер

Сыйақы мөлшерлемесі құбылмалы депозиттер – бұл пайыздық мөлшерлемесі тиянақты бекітілмеген және салым шартының мерзімі барысында өзгеруі мүмкін салымдар. Мөлшерлеменің өзгеруі әдетте белгілі бір базалық көрсеткішке, мысалы, Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесіне немесе инфляция деңгейіне байланыстырылады. Пайыздық спредтің шамасын банк клиентпен шарт жасасу барысында бекітеді және салымның мерзімін ұзарту кезінде пайыздық спредтің мөлшерін ұлғайтатын жағдайларды қоспағанда өзгертілмейді.

Пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы депозиттер қазақстандық нарық үшін жаңа өнім болып табылады және қазіргі сәтте мұндай депозиттерді тек 2 банк қана ұсынады. Бұл ретте пайыздық спред және қорытынды сыйақы мөлшерлемесі (ЖТСМ) екі банкте де бірдей көрсеткішке ие және -1,75-ті (базалық мөлшерлемеге қатысты теріс спредті) және 15,9%-ды құрайды.

5 графика. Банктер ұсынатын, пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы депозиттер бойынша мөлшерлемелер (2025ж. тамызы)



Тұжырымдар

Соғы бірнеше ай барысында банктердің сайттарына жасалған мониторинг нәтижесі көрсеткеніндей, қазіргі уақытта қазақстандық банктердің сыйақы мөлшерлемелері жоғары деңгейде. Дегенмен ай сайын жекелеген банктерде мөлшерлемелер біртіндеп көтерілуде.

Бұл мониторингте біз банктердің әртүрлі сегменттер мен мерзімдер бойынша ұсыныстарын қарастырып, оларды көрнекі сипатта көрсетуге ұмтылдық: дәл қазіргі уақытта банктер салымшыларға депозиттік өнімдердің алуан түрін ұсынуда. Ал бұл әрбір салымшыға оның талабы мен тілегіне сәйкес келетін салымды таңдауына мүмкіндік береді. Бұл ретте ҚДКБҚ тағы да еске салады, салымды ашу туралы шешім қабылдау барысында оның табыстылығын ғана емес, банктің қаржылық орнықтылығын да ескеру қажет. Бұдан басқа, шартқа қол қояр алдында, депозитті толықтыру мүмкіндіктерін, сондай-ақ одан ақшаны ішінара немесе толықтай алу талаптарын қосқанда, оның барлық талаптарымен толыққанды танысып шығу керек.

2025 жылдың 29 тамызында базалық мөлшерлемені 16,5% деңгейінде өзгеріссіз қалдыру туралы Ұлттық Банктің шешімі жарияланды. Бұл шешім жеке тұлғалардың салымдары бойынша пайыздық мөлшерлемелердің одан арғы серпінін анықтауда бағыт-бағдар қызметін атқаратын болады.

2025 жылдың шілдесінде Қазақстанда инфляция деңгейі 2025 жылдың маусымындағы деңгейде сақталып, 11,8%-ды құрады. Соның нәтижесінде инфляцияның ағымдағы деңгейі мен нарықта ұсынылып отырған мөлшерлемелердің арақатынасы теңгелік салымдар бойынша шынайы табыстылықты қамтамасыз етеді. Ал ҚДКБҚ кепілдіктерінің арқасында депозиттер – жинақ ақшаны сақтауда және молайтуда ең сенімді және қолжетімді қаржы құралы болып қала бермек.

ҚДКБҚ тағы да еске салады, кепілді өтемнің мөлшері салымның түрі мен валютасына тікелей байланысты. Сәйкесінше ол:



теңгелік жинақ салымдар (депозиттер) бойынша – **20 млн теңгеден;**



теңгедегі басқа да салымдар, олардың ішінде ағымдағы шоттар мен төлем карточкалары бойынша – **10 млн теңгеден;**



шетел валютасындағы шоттар, олардың ішінде ағымдағы шоттар мен төлем карточкалары бойынша – **5 млн теңгеден** асырылмайды.

Егер салымшының бір банкте әрқалай валютада әртүрлі бірнеше салымы бар болса, сол банк лицензиясынан айырылған жағдайда Қор әрбір салым бойынша белгіленген максималды кепілдік сомасын ескере отырып, салымшыға жиынтық кепілді өтем төлейді. Бірақ оның мөлшері 20 млн теңгеден асырылмайды.